

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ
«Агробиология» факультетінің докторанты Максотова Алия Максотовнаның
«Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында минералдық тыңайтқыштардың
қызанақтың шетелдік сорттарының өнімділігіне және сапасына әсері»
тақырыбына 8D08102 - «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына**

Пікір

Қызанақ - аса маңызды, үлкен сұранысқа ие, өте құнды көкөніс дақылы. Қазақстан бойынша көкөністер шамамен 150 мың га алқапта өсірілсе, соның 25 мың га астам жері (17%) қызанақтың еншісіне тиеді. Көкөніс өнімдерінің жалпы көлемінің 20% бөлігін қызанақ құрайды. Қайта өңдеу бойынша қызанаққа тең келетін көкөніс жоқ. Барлық өңделген көкөніс өнімдерінің 60% қызанақтан жасалады.

Қызанақ өндірісі Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында жақсы дамыған. Бірақ дақылдың орташа өнімділігі әлі де болса өте төмен, орташа алғанда 25-30 т/га құрайды. Қызанақтың биологиялық әлеуеті 75-90 т/га құрайды, ал тамшылатып суару жағдайында 100-120 т/га дейін алуға болады.

Бүгінгі таңда қызанақтан төмен өнім алынуының негізгі себептерінің қатарына жоғары өнімді сорттар мен будандардың шектеулі қолданылуы және қоректену жағдайының дұрыс болмауы. Нәтижесінде өнім өте аз болып отыр.

Қазақстанда өсіру үшін қызанақтың 60 аса сорты мен буданы аудандастырылған, оның ішінде 15 отандық сорттар бар (үлесі - 25%).

Докторант Максотова А. өзінің диссертациялық жұмысында аталған 2 мәселені шешті. Біріншіден, қызанақтың 14 шетелдік сорттары мен будандарын жан-жақты зерттеп, олардың ішінен ең үздіктерін анықтап, өндіріске ұсынды. Екіншіден, Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында бейімділігімен, ауруларға төзімділігімен, қайта өңдеуге жарамдылығымен және жоғары өнімділігімен ерекшеленген шетелдік сорттар мен будандардың оңтайлы қоректену жүйесін әзірледі. Танаптық тәжірибелер жүргізіп, бірқатар минералдық және органикалық тыңайтқыштардың түрлері мен нормалары зерттеліп, олардың ең тиімділері анықталды. Тыңайтқыштардың топырақтың құнарлылығына, қызанақтың өнімділігіне және өнімнің сапалық көрсеткіштеріне әсерін зерттеп, анықтады. Қызанақ жемісі тағамға балғын түрінде жиі қолданылатындықтан, экологиялық таза өнім алуға үлкен мән берілді. Мұнда дақылдың органикалық тыңайту жүйесі ұсынылды.

Докторант диссертациялық жұмысы бойынша танаптық және зертханалық зерттеулер жүргізудің әдістемелерін толық меңгерді, барлық тәжірибелер оның қатысуымен жүргізілді. Жалпы алғанда, докторант Максотова Алия өте үлкен көлемде зерттеу жұмыстарын жүзеге асырды, ауқымы кең міндеттер қойылып, олардың барлығы бойынша оң нәтижелер алынды. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өте өзекті, нәтижелері қомақты және өндіріс үшін аса маңызды болып табылады.

Жоғарыда жазылғандардың негізінде докторант Максотова Алия Максотқызының диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қоятын талаптарға сәйкес келеді және 8D08102 - «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Пікір беруші - ғылыми кеңесшісі:

**«Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС**

**Басқарма төрағасы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі**



Докторант Максотова Алия Максотовнаның докторы

Айтбаев Т.Е.